



Қарабалық ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қарабалық аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ

## "Қазақ сахнасының шебері"



Қарабалық 2017

## "Қазақ сахнасының шебері"

**Вед 1:** Қостанай — киелі өңір. Осы қасиетті топырақтан жалпы руханиятымызды өркендетуге өшпес үлес қосқан ұлы тұлғалар шыққандығын қашан да жалықпай айтып келеміз. Олардың әрқайсысының ешкімге ұқсамайтын ерекшеліктері, бекзат болмыс бітімі, адами қасиеттері, шығармашылық дарындары бар.

**Вед 2:** Бүгін сөз еткелі отырған Серәлі Қожамқұлов та — тек қостанайлықтардың ғана емес, күллі еліміздің маңдайына біткен жұлдызы. Әңгіме басында бір қызық фактіні алға тартқымыз келеді. Қазақ театрының толағай тұлғасы Серәлі Қожамқұлов сонау Қостанайдың Қарабалығында, Қарабалықтың Қараадырында өткен ғасырдың бас кезіндегі алты-жеті жасында қозы-лақ қайырып жүрген кішкентай күнінде-ақ "Серке" аталып кеткен екен. Сонда: "Балалар мазақтайды", - деп мұң шаққан ұлына анасы Айкүн: "Құлыным-ау, кейін топ алдында --жүретін жігіттің серкесі болсаң, арман бар ма?" - деп жұбатқан көрінеді. Өзиз ананың айтқаны келді. "Сүйгенін шұнағым дер", - дегендей, ұлағатты өмірінің өн бойында Серағаң халқының, қауымының, қатарластарының сүйікті Серкесі болды.

**Вед 1:** Серәлі (Серке) Қожамқұлов (1896 – 1979) - қазақтың театр және кино актеры, сахна өнерінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақ КСР-нің Халық артисі, Социалистік Еңбек Ері, Қостанай қаласының құрметті азаматы.

1896 жылы 5 мамырда Ресей империясының Торғай облысының № 13 ауылында қазіргі Қостанай облысының Қарабалық ауданының Победа кеңшарында дүниеге келді. Оның руы — Қыпшақ. Оның ішінде Тоқперіш.

**Вед 2:** Әкесі Қожамқұл Жармұханов малының арқасында жанұясын бағып отырған кісі болған деседі. Ол кісі 1907 жылы дүние салған соң, Серәлінің анасы көп баласына басшы болып қала берген екен. Оқығысы келген Серәлі анасымен ақылдасып, ол қарсы болмаған соң, қалаға барып оқуға бел буады, бірақ, ағалары қарсы болғандықтан, үйінен қашып кеткендей болып, айтпай кетеді.

**Вед 1:** Қазақтың алғашқы кәсіби актерларының бірі. 1925 жылдан бастап қазақ драма театрында актер және режиссер болып жұмыс істеген. Халықтың ардақты өнер иесі, ел мәдениетінің өркендеуіне зор үлес қосқан халық әртісі, аты аңызға айналған дарынды өнер шебері Сералы Қожамқұлов сахнаға шыға бергенде – ақ көрермен жұртшылық ду көтеріле алақан соға бастайды. Қуана соғады. Адамды қуанта алсаң, күлдіре алсаң, жігерлендіре алсаң, күйіндіре

алсаң, сүйіндіре алсаң – нағыз артист пен нағыз жазушының нағыз бақыт сезінер кезі осы. Сері – ағанның соңғы елу жыл өмірі осыған қолы жеткен үзгі жоқ бақытты кезеңі.

**Вед 2:** Қожамқұлов Серәлі – актер, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі.

Қазақстанның халық артисі (1936). Троицкідегі “Уазифа мектебінде” оқыған (1913 –1916) жылдар аралығында. Кейін қысқа мерзімді дайындықтан өтіп, сот мекемелерінде тергеушілік қызмет атқарды. Елдегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, оқыған қазақ жастарының 1918 ж. Қостанай қаласында құрылған “Қызыл ке-руен” атты драмалық группасына қатысты. 1920 – 1922 жылдар аралығында Орынбор қаласындағы Татар халық ағарту институтында білім алды, осы кезеңде “Мұсылмандар клубында” Б.Майлиннің “Қаламқас”, “Бетім-ау, құдағи ғой”, “Қасқырбай”, “Неке қияр”, тағыда басқа шағын пьесаларда жеке рөлдерді ойнады.

**Вед 1:** Актер 30-жылдардан бастап кинофильмдерге түсіп, Кеке (“Райхан”), Бекет (“Амангелді”), жылқышы (“Ана туралы аңыз”), ұста (“Ән қанатында”), теміржолшы (“Тыныштық”), тағыда басқа бейнелері арқылы Қазақстанның жас кино өнерінің қалыптасуына белсене атсалысты.

**Вед 2:** 1922 жылы Орынбордағы “Қазақстан комсомол жастарының кіндік клубы” аптасына бір рет өткізетін “Шығыс кештерінде” М.Әуезовтің “Еңлік – Кебек” пьесасындағы Еспембет рөлін алғаш рет ойнады (кейін бұл рөл Қожамқұловтың сахнадағы үздік тұлғасына айналды). Өзі де “Подвод” деген күлдіргі скетч жазып, сахнаға шығарды. Сықақшының бұл туындысы кейін 1929 жылы “Қызыл Қазақстан” журналының 13-санында жарияланды.

1925 жылы Қызылорда қаласында тұңғыш ұйымдастырылған кәсіби Қазақ драма театры Қожамқұловтың актерлік өміріне даңғыл жол салған елеулі оқиға болды. Театрға И.Байзақов, Ә.Қашаубаев, Е.Өмірзақов, Қ.Қуанышбаев, Ж.Шанин, Ә.Абдуллин, тағыда басқалармен бірге Қожамқұловта шақырылды. Осы тұста сахна өнерінен тәжірибесі мол Қожамқұлов драма театрының алғашқы режиссері болды. Театр 1926 жылы 13 қаңтарда ресми түрде ашылып, Қожамқұловтың басшылығымен бірнеше спектакльді сахнаға шығарды. Актердің бұл кезеңдегі басты табысы Ж.Тілепбергеновтің “Перизат – Рамазан” (1928) пьесасындағы Ақылбайдың тұлғасы болды. Шенқұмар да жағымпаз, паракор милиция бастығының екіжүзді бейнесін тамаша өрнектеп, көрермендерді күлкіге кенелткен

Қожамқұлов 20-жылдар сахнасында айшығы қанық сатиралық кейіпкердің тұлғасын жасады. Актердің тап осындай елеулі табысының бірі 30-

жылдардың басында ойнаған рөлі – ауданнан келген әумесер уәкіл Талтаңбайдың тұлғасы болды (Б.Майлин, “Талтаңбайдың тәртібі”). Сері-аған әсіресе ауыл адамдарына етене таныс, дойырлығы мен топастығы, пайдакүнемдігі мен айласы, жемқорлығы мен сарандығы, арамдығы мен қорқақтығы қатар жүретін, ақылы шолақ, жағымсыз да күлкілі образдарды ойнағанда әрқилы адамдардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін, жүріс-тұрысын қайталанбас шеберлікпен, көркем мүсіндей алатындығын танытты.

**Вед 1:** Актер ерекше шабытпен сомдаған кертартпа, биліктің тұтқасынан айрылғысы келмейтін Еспембет (актер бұл рөлді 50 жыл бойы ойнады), Жабай, Жиренше, Майбасар (М.Әуезов, “Еңлік – Кебек”, “Қарагөз”, “Абай” спектакльдері), Қарашешен (Ж.Шанин, “Арқалық батыр”), Өкендау (І.Жансүгіров, “Кек”), дүниеқоңыз, құлқынның құлдары Қарабай (бұл рөлді 40 жыл бойы ойнады), Қоңқай (Ғ.Мүсірепов, “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, “Ақан сері – Ақтоқты”), Көдебай (Б.Майлин, “Майдан”), жемқор Шардақбай (Қ.Қуанышбаев пен Ш.Хұсайынов, “Шаншарлар”), байлығына сеніп, мастанған Маман, өркөкірек Көбікті (М.Әуезов, “Айман – Шолпан”, “Қарақыпшақ Қобыланды”), Шығай хан (Ш.Хұсайынов, “Алдар көсе”), алаяқ саудагер Малтабар (С.Мұқанов, “Шоқан Уәлиханов”) рөлдері Қожамқұлов сомдаған сахналық тұлғалардың классик үлгілері болып саналады.

**Вед 2:** Сатиралық образдар жасаудың шебері саналатын Қожамқұлов бірқатар қарапайым еңбек адамдарының жағымды бейнелерін де сахнаға шығарды. Актер сомдаған шахтерлер Тәнеке (“Сын сағатта”), Арпабай (“Тас түлектер”), ертекті Баймағамбет (“Абай”), ұста Ахмет (“Миллионер”), Тайман (“Достық пен махаббат”), шаруа Лау Куок Оань (“Вьетнам жұлдызы”), ұста Обухов (“Сүңгуір қайық”), комиссар Кошкин (“Любовь Яровая”), жауынгер Петренко (“Намыс гвардиясы”), Бекен ақсақал (“Бөлтірік бөрік астында”), т.б. рөлдер қарапайым да шынайылығымен есте сақталады, кең тынысты актердің мол мүмкіндіктерін жаңа қырынан танытқан тұлғалар болып есептеледі.

**Вед 1:** Қожамқұлов театрды екінші үйі деп есептеді. Өйткені, оның уақытының басым көпшілігі сонда өтті. Қазіргі арамызда жүрген халық және еңбек сіңірген әртістерінің бәрі де оның тәлімін көрді. Қамқорлығын сезді. Ерекше шапағатына бөленді.

Жүрегі тек қана елім, халқым деп соқты. Қазақтың бір талантты баласын көрсе, соны қолдап, бойындағы қабілетін жарқыратып көрсеткенше асығушы еді. Бәлкім, сондықтан да шығар, оның шәкірттерінің бәрі де «Сералы аға біздің нағыз тәлімгеріміз» деп әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай айтып жүреді.

**Вед 2:** Қожамқұлов өз ізбасарларын, жас актерлерді тәрбиелеуші ұстаз ретінде де көп жұмыстар атқарды. Ол “Шығыс бұлбұлы атанған” атақты әнші Күләш Байсейітованың дара талантын алғаш таныған, Х.Бөкеева, К.Қармысов, С.Телғараев, Ә.Үмбетбаев, С.Майқанова, Ы.Ноғайбаев, Ж.Өгізбаев, Р.Сәлменов, Н.Жантөрин, Ш.Жандарбекова, М.Сыздықов, Қ.Әділшинов сынды болашақ өнер саңлақтарын үлкен сахнаға әкеліп, актерлік шеберлікке баулыған.

**Вед 1:** Сондай-ақ ол қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Республика Жоғарғы Кеңесіне екі мәрте депутат болып сайланды, СОКП ОК-нің 12 съезіне, Қазақстан КП-ның съездеріне делегат болып қатысты, Қазақстанның Мәскеуде өткен онкүндіктерінде (1936, 1958) өнер көрсетті. Актердің осындай жемісті еңбегі жоғары бағаланып, оған КСРО Мемл. сыйл. (1952), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлық (1970), Социал Еңбек Ері (1976) атағы берілді. Үш рет Ленин орденімен, Октябрь революциясы, II дәрежелі Отан соғысы, “Еңбек Қызыл Ту”, “Құрмет Белгісі” ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Халық артисі туралы режиссер Қ.Әбусейітов “Сераға” деген деректі фильм түсірді, Ә.Бейсеуов “Серағаң туралы әнін” шығарды. Жезқазған қаласындағы музыкалық драма театры мен Алматыдағы бір көше Қожамқұловтың есімімен аталады.

**Вед 2:** Өзінен кейінгі інілері мен қарындастарына, таудай талабы бар шәкірттеріне тәлімгерлік етті.

Оның өзгелерге өнеге болар тамаша қыры ешқашан да барға тасып, жоққа жасыған емес. Ол болдым, толдым деп кеуде көтеру ақымақтардың ісі деп түсінді. Өмірден атына кір кел-тірмей өтті. Ол соңғы демі біткенше Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақтың Академиялық драмалық театрында жұмыс істеді.

***Байланыс телефоны:***

Тел: 8 (714-41)3-25-03, 7-90-36

Е-mail: [bibkr@mail.ru](mailto:bibkr@mail.ru)

Сайт: [bibkr.ucoz.ru](http://bibkr.ucoz.ru)

***Жұмыс уақыты***

Дүйсенбі - жұма

сағат 9.00 бастап 18.00 дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі

***Мекен жайымыз:*** 110900, Қарабалық к.,  
Космонавтар к., 33(2 қабат)



***Контакты:***

Тел: 8 (714-41)3-25-03, 7-90-36

Е-mail: [bibkr@mail.ru](mailto:bibkr@mail.ru)

Сайт: [bibkr.ucoz.ru](http://bibkr.ucoz.ru)

***Часы работы***

Понедельник-пятница

с 9.00 до 18.00 часов

Суббота, воскресенье: выходной

***Адрес:*** 110900, п. Карабалык,  
ул. Космонавтов, 33

Сотавитель: Методисты Галеева У.Ж.  
Прилипченко Л.И